

"Қарағанды металлургия комбинаты" МАҚ-ның өнімдерін сату жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1995 жылғы 17 қазан N 390 -ө. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.06. N 1462 қаулысымен.

Қаржы қаражатын тарту және "Қарағанды металлургия комбинаты" МАҚ-ның жұмысын тұрақтандыру мақсатында:

1. "Қарағанды металлургия комбинаты" МАҚ-ның өнімдерін сату жөніндегі бас агент болып "Қазақстан сауда" АҚ-ы белгіленсін. "Қазақстан сауда" АҚ-ның бас директоры К.Б. Хайыров "Қарағанды металлургия" комбинаты" МАҚ-да бюро ашатын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан сауда" АҚ-ының өтінімі бойынша ТМД мен Қазақстан аумағында комбинат өнімдерін жеңілдікті тарифпен тасу жоспарын, вагондардың дер кезінде берілуін және "Достық-Алашанькоу" өткелінде өнімдердің ауыстырылып тиелуін қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан сауда" АҚ-ы комбинаттың контрактілері бойынша барлық төлемдер мен есеп айырысуларды "Қарағанды металлургия комбинаты" МАҚ-ын жедел басқару жөніндегі комиссияның төрағасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкі басқармасының төрағасымен келісу бойынша Халық банкіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің корреспонденттік шоттары арқылы жүргізісін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитеті комбинат өнімдерінің жіберілуін тек "Қазақстан сауда" АҚ-ы жасаған әрі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде тіркелген контрактілер бойынша ғана қамтамасыз етсін.

Премьер-министр